

## Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтініштерді ұсыну және қарау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 24 ақпандағы N 49-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2214. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 430 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2015 № 430 бұйрығымен.**

**Ескерту: Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту: Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтініштерді ұсыну және қарау ережесін бекітілсін.

**Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық органдарының құрылымдық бөлімшелері назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі

төрағасының орынбасары А.К.Әмірінге жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды  
реттеу және бәсекелестікті  
қорғау жөніндегі агенттігінің  
2003 жылдың 24 ақпандағы  
N 49 - НҚ бұйрығымен  
бекітілген

**Табиғи монополиялар субъектілерін қайта  
ұйымдастыруға және таратуға келісім беру  
туралы өтініштерді ұсыну және қарау  
ережесі**

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды;  
барлық мәтін бойынша:

"қызмет (тауарлар, жұмыстар) көрсету", "Субъект көрсетілетін қызмет (тауарлар, жұмыстар)" деген сөздер тиісінше "реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының)", "Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстарын)" деген сөздермен ауыстырылды;

"Осы Нұсқаулықтың", "Осы Нұсқаулықта" деген сөздер тиісінше "Осы Ереженің", "Осы Ережеде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен .

Осы Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтініштерді ұсыну және қарау ережесі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы", "Банкроттық туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершіліктерге ие серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар субъектілерін (бұдан әрі - Субъект) қайта құру және тарату рәсімдерін уәкілетті органмен келісу талаптарын нақтылайды

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005.09.29 N 283-НҚ, өзгерту енгізілді - 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен.

## 1. Жалпы ереже

1. Осы Ереженің мақсаттары тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауды болдырмау, Субъектілер ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкасының) немесе олардың шекті деңгейлерінің негізсіз көтерілуінен заңды және жеке тұлғаларды қорғау болып табылады.

**Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен.**

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) мүлік иесі - субъект мүлігінің иесі немесе меншік иесінің уәкілетті органы, құрылтайшы (құрылтайшылар), сондай-ақ субъектінің уәкілетті құжаттарымен субъектіні қайта құру және тарату жөнінде шешім қабылдайтын орган;

2) уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия субъектісі саласында табиғи монополия субъектісі ұсынатын және белгілі бір тауарды тұтынушыға беру түрінде қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларды қоса, уәкілетті органмен мемлекеттік реттеуге жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ;

4) орталық уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

5) аумақтық орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық б ө л і м ш е с і .

**Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ , 2007.08.02. N 212 -НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ Бұйрықтарымен .**

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Субъектіге қайта құру немесе тарату тәсілдері қолданылады.

4. Субъектіні мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу сондай-ақ оның қызметінің тоқтатылуын тіркеу тіркейтін орган арқылы уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырылады.

5. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) көлемін едәуір қысқартуға жол бермеу немесе үзілісті болдырмау мақсатында оңалту тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Субъектіні қайта құру Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің өсуіне негіз болмауы керек.

Уәкілетті орган тағайындалатын оңалту басқарушысының кандидатурасын және табиғи монополия субъектісінің оңалту жоспарын келіседі.

**Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен .**

## **2. Субъектіні қайта құру немесе таратуды уәкілетті органмен келісу**

6. Субъектіні қайта құру немесе тарату уәкілетті органның келісуімен жүргізіледі.

7. Субъектіні қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтініш Субъекті мүлкінің иесі қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін уәкілетті органға беріледі.

Субъекті мүлкінің иесі қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін Субъект 5 күн ішінде Субъектіні қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтінішті уәкілетті органға өткізеді.

7-1. Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген Субъектінің қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтініші тиісті аумақтық уәкілетті органға беріледі.

Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген Субъектінің қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтініші, сондай-ақ екі және одан көп облыстардың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында табиғи монополиялар салаларындағы қызметті жүзеге асыратын Субъектілерді біріктіру, қосу тәсілімен қайта ұйымдастыру жүргізу кезінде орталық уәкілетті органға беріледі .

**Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен .**

8. Өтініш уәкілетті органға Субъекті қызметінің тоқталуын Қазақстан Республикасының әділет органдарында тиісінше тіркегенге (қайта тіркеу) дейін берілуге тиісті .

**Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен .**

9. Субъектіні соттан тыс тәртіппен таратуды жүргізгенде, Субъект банкроттық рәсімдердің жүргізілуін қадағалайтын органға соттан тыс тәртіппен таратуды жүргізу туралы өтінішпен қатар уәкілетті органға Субъектіні тарату

т у р а л ы

ө т і н і ш

б е р е д і .

**Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен .**

10. Қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтініш еркін нысанда құрылады және уәкілетті органға Осы Ереженің 3-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес беріледі.

11. Өз еркімен қайта құру немесе таратуда келісу жөніндегі шешімді қарау және қабылдау үшін Субъект уәкілетті органға қосымша келесі құжаттарды ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і :

1) анықтама-негіздеме, сондай-ақ Субъектіні қайта құру қажеттілігінің экономикалық негіздемесі (қайта құрылғаннан кейін Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болжанып о т ы р ғ а н ж о б а с ы м е н ) ;

2) Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы, соның ішінде өткен жылғы бухгалтерлік балансы (қосымшаларымен) және ағымдағы жылдың тиісті кезеңі мен оларға түсіндірме жазбалар;

3) қосылғанда, жалғастырғанда, қайта құрған кезде-өткізу акты, сондай-ақ қосылу, Субъектіге жалғаса қатысатын басқа да тұлғалар туралы мәліметтер. Бұл мәліметтер құрылтайшы құжаттардың атауынан, көшірмесінен, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен (қайта тіркеу) тұруға тиісті;

4) бөлген немесе еншілеген кезде-бөлу балансының көшірмесі, сондай-ақ Субъектіні еншілеу бөлуге байланысты құрылатын тұлғалардың құрылтайшы қ ұ ж а т т а р ы н ы ң ж о б а с ы ;

5) Субъекті мүлкі иесінің қайта құру немесе тарату туралы шешімі;

6) Субъектінің құрылтайшы құжаттарының көшірмесі;

7) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

8) әр жаңадан пайда болатын заңды тұлғалардың орналасқан жері туралы м ә л і м е т ;

9) Субъектінің басқа заңды тұлғаларға қатысы туралы мәлімет;

10) салалық министрліктің, оның аумақтық органының немесе жергілікті атқарушы органның (Субъект коммуналдық меншік есебінде болған жағдайда немесе бұл Субъектіні қайта құру немесе тарату туралы мәселені шешу үшін қажетті жағдайда) Субъектіні қайта құру немесе тарату мүмкіндігі туралы қ о р ы т ы н д ы с ы .

Субъекті мүлкінің иесі Осы Ереженің 11-тармағы 2)-тармақшасында көрсетілген қосылу мен біріктіруге қатысатын басқа да тұлғаларға байланысты құжаттарды ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

**Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен .**

12. Уәкілетті орган, егер Субъекті осы Ереженің 11, 13-тармақтарында көзделген талаптарды сақтамаса, өтінішті қабылдамауға.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ , 2007.08.02 . N 212-НҚ Бұйрықтарымен.

### **3. Субъектіні қайта құру немесе таратуды келісуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар**

13. Уәкілетті органға ұсынылатын құжаттар мен ақпараттар толық және сенімді болуы керек.

Қосымша берілетін құжаттар түпнұсқада немесе оның көшірмесі түрінде болуы, соңғы жағдайда өтінішке қол қоятын тұлға және/немесе орган жазбаша түрде олардың толықтығы мен сенімділігін растауы қажет.

14. Сенімсіз мәліметтерді ұсыну Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

15. Уәкілетті органға өтінішпен бірге берілетін құжаттар мен ақпараттар тігілген, нөмірленген, Субъектінің мөрімен, сондай-ақ уәкілетті органның қолымен расталған болуға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтамау өтінішті қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ Бұйрығымен.

16. Коммерциялық құпия құрайтын ақпараттар өтінім берушімен " коммерциялық құпия" деген белгімен және бөлек мұқабамен жіберілуі мүмкін, бірақ өтінімдер қаралатын ақпарат (құжаттар) пакетіне міндетті түрде енгізілуі керек.

17. Ақпараттың құрамында коммерциялық құпияның болуы оны уәкілетті органға ұсынудан бас тартуға негіз болмайды, бұл жағдайда Субъекті уәкілетті органға ақпарат ұсынған кезде коммерциялық құпия жайындағы мәліметтердің толық тізімдемесін көрсетуге тиіс.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

18. Ақпараттың (құжаттардың) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде болуы оны уәкілетті органға ұсынудан бас тартуға немесе ұсыну мерзімін сақтамауға негіз болмайды.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

19. Субъектілерді қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтініштегі мәліметтердің (фактілер, деректер) өзгеруі немесе шешім қабылдау кезінде мәнділікке ие ақпараттар (құжаттар) Субъекті уәкілетті органның назарына 3 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жеткізіледі. Уәкілетті органға өзгерістер туралы хабарламау Қазақстан Республикасының заңдарында қаралған жауапкершілікке алып келеді, сондай-ақ өтінішті қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ, 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрықтарымен.

#### **4. Субъектіні қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтінішті қарау тәртібі**

20. Уәкілетті органмен Субъектіні қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімді құрайды.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

21. Ескерту: 21-тармақ алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

22. Ескерту: 21-тармақ алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

23. Субъекті өтінішті берген кезде өздігінен осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген ақпараттар мен құжаттарға қосымша уәкілетті органға Субъектінің пікірінше белгіленген мерзімде шешімді қабылдауға қандай да бір әсерін тигізетін кез-келген ақпаратты жіберуге құқылы.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.

24. Қайта құру немесе таратуға келісім беру туралы өтініш Субъектіні жоспардан тыс тексеруге негіз бола алады, соның қорытындысы бойынша уәкілетті орган осы Ереженің 25, 26 тармақтарына сәйкес шешім қабылдайды.

25. Субъектіні қайта құру немесе таратудың қажеттілігі уәкілетті органмен экономикалық және/немесе технологиялық тиімділік өлшемімен, заңды және жеке тұлғалардың құқығын қорғау және мемлекет, тұтынушы, Субъекті мүдделерінің балансын қамтамасыз ету мақсатында бағаланады, сонымен қатар:

- 1) Субъектінің тұтынушыларымен шартты бұзуына;
- 2) Субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің өсуіне;

- 3) қоршаған ортаға теріс әсер етуіне;
- 4) Субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) жүйесінің технологиялық біртұтастығын бұзуға;
- 5) Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) үздіксіз ұсынуын бұзуға әкелмеуі тиіс.

**Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен .**

26. Өтінішті қараудың нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

- 1) өтінішті қанағаттандырады;
- 2) өтінішті қабылдамайды;
- 3) өтінішті қанағаттандырудан бас тартады.

**Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007.08.02. N 212-НҚ Бұйрығымен.**

26-1. Уәкілетті органның келісімінсіз жүзеге асырылған субъектінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы заңнамада белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады .

**Ескерту: 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 283-НҚ бұйрығымен.**

27. Уәкілетті органның шешіміне қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануы мүмкін.